

## "Қазғарыш" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамының кейбір мәселелері туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2005 жылғы 25 мамырдағы N 507 Қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009 жылғы 29 сәуірдегі N 598 Қаулысымен

**Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2009.04.29. N 598 Қаулысымен.**

Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Аэроғарыш комитеті Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитетімен бірлесіп, заңнамада белгіленген тәртіппен Серік Әбдіғалиұлы Тұржановтың "Қазғарыш" ұлттық компаниясы" акционерлік қоғамы басқармасының төрағасы болып сайлануын қамтамасыз етсін.

2. "Кейбір акционерлік қоғамдар - ұлттық компаниялардың директорлар кеңестерінің құрамдары туралы және Қазақстан Республикасы Үкіметінің кейбір шешімдеріне өзгерістер енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2002 жылғы 25 қыркүйектегі N 1051 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 2002 ж., N 32, 341-құжат) мынадай толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулыға 1-қосымша:

мынадай мазмұндағы 12-тармақпен толықтырылсын:

"12. "Қазғарыш" ұлттық компаниясы" АҚ:

Әбдімомынов Азамат Құрманбекұлы - Қазақстан Республикасының Білім және ғылым вице-министрі, төраға;

Қуанғанов Фархад Шаймұратұлы - Қазақстан Республикасы Премьер-Министрінің Кеңесі Әлеуметтік мәдени даму бөлімінің меңгерушісі;

Қосынов Алмас Олжабайұлы - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Аэроғарыш комитетінің төрағасы;

Комаров Геннадий Григорьевич - Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті төрағасының о р ы н б а с а р ы ;

Ермекова Несіпбала Әбсағитқызы - Қазақстан Республикасы Экономика және бюджеттік жоспарлау министрлігі Салалық органдардың шығыстарын жоспарлау департаментінің директоры;

Жантаев Жұмабек Шәбденамұлы - Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі "Астрофизикалық зерттеулер орталығы" республикалық

мемлекеттік кәсіпорнының бас директоры;  
Тұржанов Серік Әбдіғалиұлы - "Қазғарыш" ұлттық компаниясы" акционерлік  
қоғамының басқарма төрағасы;  
Оразаева Сәуле Бақтиярқызы - "Қазгеоғарыш" акционерлік қоғамының  
президенті."

3. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*  
*Премьер-Министрі*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және  
құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК